

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 маусымдағы N 764 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 қазан N 1575. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) < \* >

Ескерту. 1-тармақтың 1) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.26. N 1705 қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде роялтидің ставкасын белгілеу тәртібін, Үстеме табысқа салық салуды есептеу үшін пайданың ішкі нормаларын анықтау тәртібін және Қазақстан Республикасында жерді пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде коммерциялық табу бонусы мен өндіру бонусын есептеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1330 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 41, 386-құжат):

тақырыбындағы "коммерциялық табу бонусы мен өндіру бонусын есептеу" деген сөздер "жазылу бонусын айқындау мен коммерциялық табу бонусын есептеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде жазылу бонусын айқындау мен коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында жер қойнауын

пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу кезінде роялтидің ставкасын белгілеу тәртібіндегі:

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көмірсутегілер бойынша пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) есепті кезең үшін орташа сату бағасы сату орнына дейінгі тасымалдауға арналған іс жүзіндегі шығыстардың сомасына азайтылған жанама салықтарды есептемегендер есепті кезең үшін көмірсутегілерді сатудың іс жүзіндегі қалыптасқан орташа бағасының негізінде айқындалады.

13. Осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) есепті кезең үшін орташа сату бағасымен сатылмаған жағдайда, роялти салу объектісін есептеу үшін ұқсас өнімді соңғы сатқан есепті кезеңдегі пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) орташа сату құны қабылданады." ;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалар (алғашқы тауар өнімі) сатылмаған жағдайда, есепті кезең үшін роялти салу объектісін есептеу үшін орташа сату бағасына пайдалы қазбаларды өндіруге іс жүзінде қалыптасқан шығындар қабылданады.

Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды (алғашқы тауар өнімін) іс жүзіндегі сату бағасын ескере отырып, роялтиге кейіннен түзету жүргізуге міндетті." ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Үстеме пайдаға салық есептеу үшін пайданың ішкі нормаларын анықтау тәртібіндегі:

5-тармақтың екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарын жасасу кезінде коммерциялық табу бонусы мен өндіру бонусын есептеудің тәртібіндегі:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарын жасасу кезінде жазылу бонусын айқындаудың және коммерциялық табу бонусын есептеудің тәртібі";

1 - тармақтағы :

"коммерциялық табу бонусы мен өндіру бонусы" деген сөздер "жазылу бонусы мен коммерциялық табу бонусы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жазылу бонусының бастапқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган айқындайды, не тендер өткізудің шарттары

б о й ы н ш а а й қ ы н д а л а д ы " ;

3 - тармақ алынып тасталсын.

2. "Мұнайға, газға және көмірге тіркелген (ренталық) төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 маусымдағы N 764 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 20, 221-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 2-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*